

# CAF

CENTRAL ASIA FASHION

## SPRING-2024

11-13.03.2024

Almaty, Kazakhstan  
г. Алматы, Казахстан

# 33 МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION

Создавая новые возможности

Spring-2024



### Орталық Азияның глокализациясы. Үміт индексі және демография

Central Asia Fashion 33-ші Халықаралық сән көрмесінің бизнес-конференциясында Қазақстандағы социологиялық және маркетингтік зерттеулер саласындағы жетекші сарапшылар мен сән индустриясының дизайнерлері Орталық Азияның жергілікті кеңістігінде «глокализация» деп аталатын дүниежүзілік жаһандану тақырыбын талқылады.



CAF бизнес-конференциясының панельдік пікірталасына қатысушылар (солдан оңға қарай): Евгений Скуратов, Наталья Оспанова, Светлана Черненко, Айгүл Қасымова, Залкар Аскаралы Уулу

Панельдік талқылауда «үміт индексіндегі» динамикалық өзгерістер, Қазақстан тұрғындарының өмір салты, құндылықтары мен өмірлік стратегиялары, сондай-ақ Орталық Азия елдеріндегі демографиялық жағдай мен жаһандық және жергіліктілікке деген дүниежүзілік үрдіс мәселелері талқыға салынды.

Қызу пікірталас барысында беделді бизнес-конференция сарапшылары бизнестің жаңа цифрлық трансформацияларын, трансшекаралық сауда мүмкіндіктерін, халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдерін талқылады, сондай-ақ жақын арадағы материалдық және экономикалық әл-ауқаттағы өзгерістердің негізгі болжамдарын жасады. Сарапшылардың қазір Орталық Азияда бизнестің өсуі мен дамуы үшін бұрынғыдан да қолайлы жағдайлар жасалып жатқаны, ал барынша дайын және «икемді» ойыншылар өз бизнесін халықаралық деңгейде кеңейтуге және жариялауға нақты мүмкіндік алғаны туралы пікірлері бір жерден шықты.

### «Үміт индексі»

Бизнес-конференцияның спикері, BISAM Central Asia ақпараттық, әлеуметтану және маркетингтік зерттеулер орталығының ғылыми директоры Андрей Скуратов тыңдаушыларды «үміт индексіндегі» динамикалық өзгерістер туралы аналитикалық мәліметтермен таныстырды. Сарапшының пікірінше, сауалнама нәтижелері бойынша Қазақстан халықаралық рейтингте «үміт пен әл-ауқат индексі» бойынша әлемнің 41

елінің қатарынан қалып қойғанына қарамастан, қазақстандықтар өз оптимизмін жоғалтқан жоқ. Ұсынылған аналитикалық деректерге сәйкес, бұл ел тұрғындарының сенім артуға дағдыланған құндылықтарына байланысты.



CAF бизнес-конференциясының спикері: BISAM Central Asia ақпараттық, әлеуметтану және маркетингтік зерттеулер орталығының ғылыми директоры Андрей Скуратов (Қазақстан, Алматы)

«Әр жылдың соңында Gallup International Association жаһандық сауалнамасы аясында біз елдің материалдық әл-ауқатының экономикалық көрсеткіштерін өлшейміз, «үміт индексі» анықтаймыз және әлеуметтік-саяси мәселелерді зерттейміз. Алдымен, «үміт индексі» деген не екенін түсіндіріп берейін. Ұсынылған деректерде оптимисттер деп: сіздің ойыңызша, 2024 жылы сіз үшін жақсы жыл, не жаман жыл немесе өткен жылғыдай болады ма деген сұраққа оң жауап бергендер. Пессимисттер – керісінше, теріс жауап бергендер, яғни одан да жаман болады дегендер, ал бейтараптар – ағымдағы 2024 жыл өткен жылмен бірдей болады деп жауап бергендер. «Үміт индексі» сауалнамаға қатысқан елдер арасында жақсырақ жауап бергендер мен нашар жауап бергендердің үлес салмағы арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Өткен жылдың соңында «үміт индексі» оң мәнмен +13 позицияға жоғарылағанын атап өткім келеді және өткен жылдың соңында оның теріс мәнге ие болғанын ескерсек, бұл айтарлықтай жақсы көрсеткіш. Бұл осы жылы жалпы әлемде оптимисттер көбейгенін білдіреді.

## Индекс надежды. ТОП-5



14-я строчка для Казахстана неплохой результат. Как правило, рейтинг оптимистов возглавляют развивающиеся страны, в то время как среди пессимистов чаще больше стран с развитой экономикой и демократическими институтами.

ТОП-5 ОПТИМИСТОВ (по значению Индекса надежды)	ТОП-5 ПЕССИМИСТОВ (по значению Индекса надежды)
САУДОВСКАЯ АРАВИЯ: +82	БОСНИЯ И ГЕРЦЕГОВИНА: -45
ИНДОНЕЗИЯ: +61	ИТАЛИЯ: -22
КОСОВО: +52	СЕРБИЯ: -21
АФГАНИСТАН/ИНДИЯ: +47	БОЛГАРИЯ: -20
АЛБАНИЯ: +46	ПОРТУГАЛИЯ: -15

**Казахстан: +28 (14-я позиция)**

Вопрос: Как Вы считаете, 2024 год будет лучше, хуже или таким же, как 2023-й? (41 страна в 2023 году)

Андрей Скуратовтың презентациясының слайды. Әлемдік «Үміт индексі» және Қазақстанның алатын орны

Өткен жылмен салыстырғанда, үміт индексі бойынша Қазақстан +28 позицияны жинап, жалпы рейтингте 14-ші орында тұр. Дегенмен, бұл деректерді екі түрлі түсіндіруге болады. «Үздік оптимисттер» рейтингін азаматтық қоғам институттарын дамыту тұрғысынан әрқашан



әлеуметтік-экономикалық мәселелерді бастан кешіретін Косово, Ауғанстан, Үндістан, Албания сияқты елдер құрайтынын көріп отырмыз. Бұл ретте тізімнің басына бірыңғай жағдай ретінде Индонезия мен Сауд Арабиясы шықты. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның 14-ші орны жаман емес. Бірақ, екінші жағынан, теріс көрсеткіш болғандықтан, ол да жақсы емес.




CAF бизнес-конференциясының панельдік пікірталасына қатысушылар (солдан оңға қарай):  
Евгений Скуратов, Наталья Оспанова, Светлана Черненко

Жалпы үміт деңгейінің төмендеуі біздің халықтың өмір сүру деңгейіне деген талапшылдығы мен талғампаздығының артқанын көрсетуі мүмкін және бұл тұтыну деңгейіне тікелей әсер етеді. Қазақстандықтар "қызғылт көзілдіріктерін" шешіп, ең алдымен, өздерінің үміт деңгейлерін көтеру үшін экономикалық даму тұрғысынан не істеу керектігін анық түсіне бастады.

## Динамика индекса надежды в Казахстане

**BISAM**  
CENTRAL ASIA

Вопреки мировому тренду, к 2024 году показатель Индекса продолжает демонстрировать тенденцию устойчивого снижения – всё меньше опрошенных казахстанцев надеются на позитивные перемены.



Андрей Скуратовтың презентациясының слайды. Қазақстандағы «үміт индексінің» динамикасы

### Қазақстандықтардың өмір салты, құндылықтары және өмірлік стратегиялары

Қазақстандықтардың «үміт индексінің» төмендеу үрдісі туралы айта келе, спикер Андрей Скуратов ел тұрғындарының құндылық бағдарларының негізінде не жатқанымен бөлісті.


«Қазақстандықтардың құндылықтарының іргетасын құрайтын негізгі тірек отбасы институтына бағытталған: балалар, олардың тәрбиесі, әлеуметтенуі, ата-анасы, оларға қамқорлық жасау, жалпы отбасы. Қазақстандықтардың негізгі бағдарлары олардың болашақтағы қоғамдағы рөлімен, орнымен, жайлы өмір сүруімен айқындалады. Қазақстандықтардың негізгі бес құндылықтың қатарына кіретін өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, қоғамға қызмет ету және басқа адамдарға көмектесу тәрізді жеке белсенділік аясындағы ұмтылыстары мен талпыныстары айтарлықтай жақсы деңгейде екенін атап өткім келеді.

## Образ жизни, ценности и жизненные стратегии

**BISAM**  
CENTRAL ASIA

Что лежит в основе ценностной ориентации казахстанцев?

Ценностные ориентиры центрированы на институте семьи и семейных ценностях, определяются будущей ролью и местом в обществе, создание комфортной жизненной среды.



Андрей Скуратовтың презентациясының слайды.


Қазақстандықтардың өмір салты, құндылықтары және өмірлік стратегиялары

BISAM Central Asia орталығының сарапшы-талдаушысы қазақстандықтардың өздеріне қоятын күнделікті міндеттерінің реттілігін де айтып берді. Бірінші орында жұмыс, одан кейін белсенді өмір салты, мансап, үй жұмысы, білім алу және өзін-өзі дамыту. Ал әлеуметтік желілер орташа қазақстандық азаматтың күнделікті басымдылық міндеттерінің тізімінде маңыздылығы жағынан тек сегізінші орында тұр.

## Образ жизни, ценности и жизненные стратегии

**BISAM**  
CENTRAL ASIA

Ценности и устремления в рамках индивидуальной активности – как опрошенные казахстанцы выстраивают приоритетность ежедневных задач.



Андрей Скуратовтың презентациясының слайды.


Қазақстандықтардың өмір салты, құндылықтары және өмірлік стратегиялары

«Тұтынушы патриотизм феноменінің» контекстіне және оның Қазақстандағы дамуына қатысты респонденттер (Қазақстан бойынша 18-65 жас аралығындағы 3500-ден астам адам) арасында ұлттық-мәдени дәстүрлерге, тілге, мемлекеттік тәуелсіздікке, тарих пен жәдігерлерге деген өте күшті сұраныс байқалатынын атап өткім келеді. Осының бәрі азаттықтың ең берік ұлттық нышандарының бірі. Бұл біздің даралығымыз бен тәуелсіздігімізді ерекшелуге шақыратын жергілікті, отандық брендтердің болашағының айтарлықтай зор екендігін көреміз дегенді білдіреді», - деп түйіндеді Андрей Скуратов.

Өз сөзін қорытындылай келе, бизнес-конференция спикері Андрей Скуратов шараға келушілерге қазақстандықтардың материалдық әл-ауқатындағы өзгерістердің болжамдары туралы айтып берді.

«Біз қазақстандық респонденттерге "Егер өзіңіз бен отбасыңыздың экономикалық болашағына келетін болсақ, 2-3 жылдан кейін сіздің және отбасыңыздың жағдайы қандай болады? деген сұрақ қойдық. Нәтижесінде отандастарымыздың басым бөлігі болашағы туралы жақсы ойда екенін, болашағына деген сенімділіктің бар екенін байқадық. Жалпы Қазақстан басқа дамушы елдерге қарағанда оптимист

Среди опрошенных казахстанцев очень силен запрос на язык и национально-культурные ценности, политический суверенитет как один из сильнейших национальных символов свободы



Андрей Скуратовтың презентациясының слайды.

Қазақстандықтардың тілі мен ұлттық мәдени құндылықтары


көрінеді. Бірақ Жапония, Франция, Италия, Ұлыбритания сияқты дамыған елдер өз болжамдарында пессимисттік көзқарасты ұстанған. Жалпы, соңғы бір-екі жылда өз елдерінің экономикалық өркендеуіне сенетін жандардың үлесі аздап өссе, пессимистер үлесі азайған. Бірақ ол әлі де айтарлықтай жоғары болып қалып отыр – 39%.

Алдағы жылды экономикалық қиыншылықтар жылы деп атайтындардың немесе дәл бұрынғы жылғыдай болады деп сенетіндердің үлесінің көп екендігін атап өткім келеді.

## Прогнозы изменения материального благополучия

Более половины опрошенных верят в позитивные экономические перспективы для себя и своих близких.

На фоне прочих развивающихся стран Казахстан по данному показателю выглядит более оптимистичней остальных



Вопрос: Если подумать об экономических перспективах для Вас и Вашей семьи, как Вы думаете, каким будет Ваше положение и положение Вашей семьи через 2-3 года?

Андрей Скуратовтың презентациясының слайды.

Қазақстандықтардың материалдық әл-ауқатының өзгеруінің болжамдары

### Орталық Азия елдеріндегі халық қартаюда ма, әлде жасарып бара жатыр ма?

Панельдік пікірталас барысында «Орталық Азияның глокализациясы» тақырыбын талқылаған CAF бизнес-конференциясының сарапшылары демографиялық жағдайдың өзгеруіне ерекше назар аударды. Үш елге: Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанға кәсіби аналитикалық талдау жасалды. Alvin Market зерттеу компаниялары тобының директоры және «Қазақстандық кәсіби қоғамдық пікір және нарықты зерттеушілер қауымдастығының» президенті (КАПИОР) - Наталья Оспанова халықтың қартайып, не жасарып бара жатқанын білуге, сондай-ақ Орталық Азия елдері халқының санына қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарды жасауға мүмкіндік беретін бірегей аналитикалық деректерді ұсынды, «Орталық Азия аймағы – халық саны тұрақты өсіп келе жатқан аймақ. Бұл ретте Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдері ең қарқынды дамып келе жатқан елдер үштігі», - деп Наталья





CAF бизнес-конференциясының сарапшысы: Наталья Оспанова, Alvin Market зерттеу компаниялары тобының директоры және «Қазақстандық кәсіби қоғамдық пікір және нарықты зерттеушілер қауымдастығының» президенті (КАПИОР)

Оспанова талдау нәтижелерімен бөлісті. *Оларда туу деңгейі айтарлықтай жоғары, сәйкесінше жұмыс күші де жылдам өсуде. БҰҰ болжамы бойынша 2050 жылға қарай Орталық Азия халқының саны 100 миллион адамнан асады».*

Бизнес-конференция сарапшысы бүгінде Орталық Азия орта жас мөлшері бойынша әлемдегі ең жас аймақтардың бірі екенін айтты. Қазір Орталық Азия тұрғындарының орташа жасы 28 жасты құрайды.

*«Жалпы Орталық Азия елдеріне жоғары сыртқы көші-қон деңгейі тән құбылыс. Сәйкесінше, демографиялық тұрғыдан есептегенде теріс өсуді көрсетеді. Дүниежүзілік популяция шолуының биылғы жылғы мәліметтеріне сәйкес, көші-қон деңгейі Өзбекстанда ең жоғары, бұл елден күн сайын 55-тен астам адам кетуде. Жалпы, Өзбекстан шетелге шығатын мигранттар ағыны бойынша көш бастап тұр. Қырғызстан көші-қон процестері бойынша екінші орында, елдің ересек, еңбекке қабілетті бөлігі негізінен жұмыс іздеп қоныс аударады. Қазақстанға келетін болсақ, соңғы бірнеше жылда елдегі көші-қон процестері кері бағытта өсуде – елге келіп жатқан жандардың саны көбеюде.*

*Барлық үш ел – Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан жыныстық-жастық құрылымдағы кейбір күйзелістер мен өзгерістерге қарамастан, жас құрылымдарының прогрессивті түріне жатады. Бұған үшбұрыш түріндегі ғұмыр жас пирамидасы дәлел: дүниеге келіп жатқан балалардың саны көп, ал аға буынның үлесі төмен. Бұл аға ұрпақ жалпы халық санына қатысты пайыздық көрсеткіште айтарлықтай аз орын алып тұрғанын білдіреді».*

Сарапшы Наталья Оспанова ұсынған деректерге сүйенсек, Орталық Азияның үш еліндегі адам саны, аналитикалық болжамдарға сәйкес, алдағы бірнеше онжылдықта өсе түседі. Сарапшылардың болжамы бойынша, өсудің біртіндеп баяулауы тек 2060 жылға қарай ғана байқалады. Күрделі өсімнен кейін баяулау үрдісі Өзбекстанда айтарлықтай байқалатын болады. Жалпы, демографиялық тұрғыдан алғанда, қазіргі уақытта Орталық Азия аймағындағы жағдай, сарапшының пікірінше, қолайлы және экономикалық дамуға септігін тигізеді деп саналады.

*«Зерттеу барысында өзімізге қызықты БҰҰ сандары мен болжамдарына сілтеме жасап, оларды көрші елдердің көрсеткіштерімен салыстырдық. Слайд Қазақстанда жыныстық-жастық пирамидасының құрылымын анық көрсетеді: тоқсаныншы және екі мыңыншы жылдарда елде туу деңгейі төмендеп, көші-қон процестері күшейген. Алайда болашақтан жақсы өзгерісті көріп отырмыз: Қазақстанда өмір сүру ұзақтығы артады деп күтілуде. Атап айтқанда, ерлер үшін БҰҰ болжамы бойынша 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 78 жасқа дейін артады, ал әйелдер орта есеппен 84 жасқа дейін өмір сүреді. Өзбекстандағы көрсеткіштерге қарасақ, бұл елде ерлердің орташа өмір сүру ұзақтығы 71,7 жасты, ал әйелдердікі 75,8 жасты құрайды, бұл Қазақстандағы көрсеткіштерден айтарлықтай төмен. Бірақ бәрі салыстыру арқылы түсінікті болады, Өзбекстандағы көрсеткіштерге қарасаңыз, онда орташа өмір сүру ұзақтығы қазір одан да төмен: ерлер үшін 68 жас, ал әйелдер үшін 76,4 жас».*

# КАЗАХСТАН

## поло-возрастная пирамида

AL IN MARKET  
НЕСТАНДАРТНЫЕ МАРКЕТИНГОВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ



Поло-возрастная пирамида Казахстана указывает на период сокращения рождаемости и увеличения миграционных потоков, заметный в 90х-2000х годах.

Ожидаемая **продолжительность жизни** среди **МУЖЧИН** в Казахстане. По прогнозам ООН, к 2050 г. этот показатель **возрастет** до 78 лет.

Ожидаемая **продолжительность жизни** **ЖЕНЩИН**. ООН прогнозирует ее **увеличение** до 83,9 лет к 2050.

Старение населения Казахстана происходит по большей части «сверху», т.е. за счет увеличения ожидаемой продолжительности жизни.


Данные: Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан (<https://stat.gov.kz/ru>)

Наталья Оспанованың презентациясының слайды. Қазақстан халқының жыныстық-жастық пирамидасы Орталық Азияның үш елінің жас ерекшеліктерін талқылай келе, сарапшы Наталья Оспанова жалпы Орталық Азия халқының демографиялық стандарттар бойынша салыстырмалы түрде жас болып қала беретінін атап өтті. Алайда, тек Қазақстан туралы айтатын болсақ, көршілерімізбен салыстырғанда еліміз қартаюдың бастапқы кезеңінде тұр.

# КАЗАХСТАН

## старение населения

AL IN MARKET  
НЕСТАНДАРТНЫЕ МАРКЕТИНГОВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ



При оценке старения населения исследователи могут опираться на две шкалы: **Ж. Боже-Гарнье – Э. Россета** и шкалу **ООН**.

По первой шкале население **считается стареющим**, если доля лиц старше 60 лет в нем составляет 12%.

По **шкале ООН** старое население содержит в себе 7% и более людей от 65 лет.

По обеим шкалам **Казахстан может считаться старым** – с долей лиц от 60 лет в 13% (начальный уровень старости) и долей лиц от 65 лет в 8% на 2023 год.

**ПО ПРОГНОЗАМ ЕНПФ И ООН, В КАЗАХСТАНЕ К 2050 ГОДУ НАСЕЛЕНИЕ ОТ 60 ЛЕТ БУДЕТ СОСТАВЛЯТЬ УЖЕ 20%.**

Данные: Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан (<https://stat.gov.kz/ru>)

Наталья Оспанованың презентациясының слайды. Қазақстан халқының қартаюуы

«Халықтың қартаюуы негізінен жоғарыдан, яғни өмір сүру ұзақтығының артуына байланысты. Слайдта 2070 жылға қарай Қазақстандағы халық санының өзгеруі болжамы қандай болатынын көрсеттік. Халық санының өсу қарқынының бірте-бірте бәсеңдеуі байқалады, бірақ бұл қазіргі даму тенденциялары сақталса мүмкін болатын болжам екенін ескертемін...

Неліктен Қазақстан бастапқы кезеңде қартайып жатқан елдер санатына жатады деген сұраққа келсек. БҰҰ шкаласы бойынша Қазақстанда қазірдің өзінде 60 жастан асқан халықтың үлесі 12% құрайды. Ал БҰҰ классификациясы бойынша бұл жастағы халықтың 7% қартаюдың бастапқы кезеңінде.



Оның үстіне, Қазақстанда 2050 жылға қарай болжам бойынша 60 жастан асқан халықтың үлесі 20%-ды құрайды, бұл қартаюдың табиғи демографиялық процесі тек қана артады деген сөз».


Сонымен бірге, бизнес-конференция спикері демографиялық қартаю үдерісі заңды екенін және қазіргі уақытта дамыған елдерде барынша айқын көрінетінін атап өтті.

Орталық Азия аймағының демографиялық талдауын қорытындылай келе, сарапшы Наталья Оспанова бизнес үшін мұндай болжамдардың маңыздылығын атап өтті.

«Менің ойымша, бұл демографиялық көрсеткіштерді бизнес немесе брендтің дамуына болжамдар жасаған кезде ескеру өте маңызды. Кәсіпкерлер алдағы уақытта қай жастағы аудиториямен жұмыс істей алатындығын, ел халқы мен оның құрылымы қалай өзгередінін нақты түсінуі керек.



Қазақстандағы халық санының динамикасы қалай өзгередінін және оның қандай болатынын қарасаңыз, соңғы 10-15 жылда бізде бала туу мен өлім-жітім бойынша тұрақты жағдай қалыптасқанын байқауға болады. Жалпы барлық жас топтары сияқты Қазақстанда да нәресте өлімінің төмендегені қуанарлық жайт. Егер өлімнің себептері туралы айтатын болсақ, онда, негізінен, бұл қан айналымы жүйесі мен





тыныс алу органдарына көбірек қатысты аурулар. Қала мен ауыл тұрғындарының өмір сүру ұзақтығының айырмашылығы азайып бара жатқанын да көріп отырмыз.

Алайда, Өзбекстан мен Қырғызстандағы көршілерімізден алынған деректерге жүгінетін болсақ, көрініс мүлде басқаша. Мысалы, Өзбекстанның бұрынғы өсу деңгейіне қайтып келе жатқанын көріп отырмыз, Өзбекстанда да ер адамдардың өмір сүру ұзақтығы артатын болады».



Наталья Оспанованың презентациясының слайды. Қырғызстандағы халық санының болжамы

Сарапшы өз сөзінде демографиялық көрсеткіш бойынша Өзбекстан ТМД және бүкіл Орталық Азия аймағындағы ең ірі мемлекеттердің бірі екенін атап өтті. Сондықтан, ол өзіне жаңа брендтер немесе инвестициялар тұрғысынан көп назар аудартатын болады. Қазақстанның іскерлік сипаттамаларын Өзбекстанмен салыстырғанның өзінде, Өзбекстан көбінесе халқының санына байланысты басымдыққа ие. Өзбекстанда белсенді көші-қон процестеріне қарамастан, олардың саны әлі де өсуде және жеткілікті жас мемлекеттер қатарына жатады. Бұл ретте Өзбекстанның біртіндеп қалыпты өсімге қол жеткізетіні анық.



«Орталық Азияның глокализациясы» панельдік пікірталасының спикерлері (солдан оңға қарай):

Евгений Скуратов, Наталья Оспанова, Светлана Черненко, Милена Ершова, Айгүл Қасымова, Залкар Аскаралы Уулу

«Көршіміз Қырғызстанның басқаларынан ерекше, өзіндік демографиялық көрінісі бар. Орташа статистикалық жас бойынша ел жастық кезеңде болғандықтан, туу көрсеткішінің белгілі бір өскенін

*байқап отырмыз. Ол жақта бір отбасыда үш-төрт баладан келеді. Ал бұл, тиісінше, жалпы халық санының өсуіне әсер етеді. Мұнда да көші-қон процестері байқалады және еңбекке қабілетті халық елден кетуде, бұл жалпы халықтың орташа жасына әсер етеді. Алайда, көрсеткіштерге сүйенсек, Қырғызстан да халық санының өсу қарқынының баяулауына 2060 жылға қарай ғана жетеді. Елдегі өмір салтының бірте-бірте өзгеріп келе жатқанын көріп отырмыз. Тиісінше, әртүрлі мүмкіндіктер пайда болады, инфрақұрылым дамиды және мұның бәрі жалпы халықтың өмір сүру ұзақтығына әсер етеді».*

Орталық Азия елдерінің демографиялық талдауын және халық саны мен жыныстық-жастық пирамидасының болжамын қорытындылай келе, панельдік пікірталастың модераторы Милена Ершова үш елді бейнелі түрде Орталық Азиялық үлкен отбасы деп атап, Қазақстанды үлкен «ағасы», Өзбекстан сәл кішісі, ал ең жасы әрі ең сүйіктісі деп - Қырғызстанды атап өтті.

**Шығарылым деректерін пайдалану кезінде дереккөзді көрсетіңіз:**

**Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінің бизнес-конференциясы.**

**Фотосуреттерді пайдалану кезінде келесі ақпаратты көрсету қажет:**

**Central Asia Fashion баспасөз қызметі. Материалдарға барлық эксклюзивті құқықтар САФ халықаралық сән көрмесін ұйымдастырушылары - «САТЕХРО» ЖШС тиесілі.**

**Фотосуреттерге барлық құқықтар авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы қазақстандық және халықаралық заңнамамен қорғалған.**